

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Мұсахан Қанапиянов атындағы жоғары колледж
«Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті»
КеАҚ**

ҚАРАЛДЫ

және педагогикалық кеңес отырысында
келісілді

№ _____ хаттама

« _____ » _____

«БЕКІТЕМІН»

М. Қанапиянов атындағы
жоғары колледж директоры

Н.Н. Елисеева _____

« _____ » _____ 20 _____ жыл

**БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ
АР-НАМЫС КОДЕКСІ**

**М. Қанапиянов атындағы жоғары колледждің
«Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ**

Павлодар қ.

Осы «Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ М. Қанапиянов атындағы жоғары колледж білім алушысының Арнамыс кодексі (бұдан әрі — Кодекс) колледж білім алушыларының мінез-құлқындағы негізгі адамгершілік, әдептік, академиялық және кәсіби нормаларды белгілейді.

Кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, «Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ Жарғысына, колледждің Ішкі тәртіп ережелеріне және өзге де жергілікті нормативтік актілерге сәйкес әзірленді.

Кодекс академиялық адалдықты, жоғары мінез-құлық мәдениетін, тұлғаға құрметпен қарауды, азаматтық жауапкершілікті және болашақ педагогтің кәсіби әдебін қалыптастыруға бағытталған.

Әрбір білім алушы осы Кодекспен танысуға және бүкіл оқу кезеңінде оның ережелерін сақтауға міндетті.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Кодекстің қолданылу аясы

Осы Кодекс оқу курсына, мамандығына, оқу нысанына, оқу тіліне, азаматтығына, ұлтына және өзге де мән-жайларға қарамастан колледждің барлық білім алушысына қолданылады.

Кодекстің ережелері:

- оқу сабақтары мен аттестаттау кезінде;
- оқу, өндірістік және педагогикалық практикадан өту кезінде;
- колледждің тәрбие, спорттық, мәдени және өзге де іс-шаралары кезінде;
- колледжді сыртқы іс-шараларда таныстырған кезде;
- колледждің ресми ақпараттық ресурстарын пайдаланған кезде;
- студенттің әрекеттері басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне немесе колледж беделіне әсер ететін жағдайларда цифрлық ортада қолданылады.

1.2. Негізгі қағидаттар

Білім алушы мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- заңдылық;
- адалдық пен парасаттылық;
- адамдық қадір-қасиетті құрметтеу;
- өзара құрмет пен төзімділік;
- академиялық адалдық;
- теңдік және кемсітушілікке жол бермеу;
- азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік;
- кәсіби әдеп;
- мәдени және ұлттық дәстүрлерді құрметтеу;
- сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;
- өз әрекеттері үшін жауапкершілік.

1.3. Білім алушының мәртебесі

Білім алушы білім беру процесіне қатысушы болып табылады және өз мінез-құлқымен колледж бен болашақ педагог мамандығы туралы түсінік қалыптастырады.

Сонымен бірге осы Кодексті сақтау білім алушының өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға, сотқа, құқық қорғау органдарына, колледж басшылығына және өзге де уәкілетті ұйымдарға жүгіну құқығын шектемейді.

2. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Әрбір білім алушы Қазақстан Республикасының Конституциясында, білім беру саласындағы заңнамада, университет Жарғысында, осы Кодексте және колледждің жергілікті нормативтік актілерінде көзделген құқықтарға ие.

2.1. Білім алу құқығы

Білім алушы:

- білім беру бағдарламасына сәйкес сапалы білім алуға;
- оқытушылардан консультация алуға;
- кітапхана, электрондық және оқу-әдістемелік ресурстарды пайдалануға;

- оқу нәтижелерінің объективті бағасын алуға;
- аттестаттау нәтижелеріне белгіленген тәртіппен шағымдануға;
- ғылыми, шығармашылық, спорттық және қоғамдық қызметке қатысуға құқылы.

2.2. Құрмет пен қауіпсіздікке құқығы

Білім алушы:

- адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтан қорғалуға;
- қауіпсіз білім алу жағдайларына;
- буллингтен, кибербуллингтен және кемсітушіліктен қорғалуға;
- әкімшілік, оқытушылар, қызметкерлер және басқа студенттер тарапынан құрметпен қаралуға;
- дербес деректерінің қорғалуына;
- белгіленген тәртіппен психологиялық және әлеуметтік қолдау алуға құқылы.

2.3. Колледж өміріне қатысу құқығы

Білім алушы:

- студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысуға;
- белгіленген тәртіппен сайлауға және сайлануға;
- білім беру процесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;
- жастар, волонтерлік, спорттық, шығармашылық және өзге де бірлестіктердің қызметіне қатысуға;
- конкурстарда, конференцияларда, олимпиадаларда және басқа іс-шараларда колледж атынан өкілдік етуге құқылы.

2.4. Ақпарат алу және өтініш жасау құқығы

Білім алушы білім беру процесін ұйымдастыру, сабақ кестесі, аттестаттау, практика, іс-шаралар және әлеуметтік қолдау шаралары туралы анық ақпарат алуға құқылы.

Білім алушы өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша колледж әкімшілігіне, кураторға, бөлім меңгерушісіне, психологке және басқа жауапты тұлғаларға жүгінуге құқылы.

Студентті адал ниетпен берген шағымы, өтініші немесе ұсынысы үшін қудалауға жол берілмейді.

3. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Білім алушы:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға;
- университет Жарғысын, Ішкі тәртіп ережелерін және осы Кодексті сақтауға;
- білім беру бағдарламасын адал меңгеруге;
- оқу сабақтарына тұрақты қатысуға және оқу тәртібін сақтауға;
- оқу тапсырмаларын уақтылы орындауға;
- еңбекті қорғау, өрт және терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптарын сақтауға;
- оқытушыларға, қызметкерлерге және басқа студенттерге құрметпен қарауға;

- колледж мүлкіне ұқыпты қарауға;
- санитариялық талаптарды сақтауға және тазалықты қолдауға;
- кәсіби және педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтауға;
- басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын әрекеттер жасамауға міндетті.

3.1. Оқу тәртібі

Оқу сабақтарына қатысу міндетті болып табылады.

Білім алушы сабақ кестесін сақтауға, кешікпеуге, сабақ аяқталғанға дейін қатысуға және оқытушының заңды талаптарын орындауға міндетті.

Сабаққа қатысу мүмкін болмаған жағдайда студент белгіленген тәртіппен кураторды немесе басқа жауапты тұлғаны уақтылы хабардар етуге тиіс.

Сабақты өз бетінше тастап кетуге, оқу процесін бұзуға, жанжалды жағдайлар туғызуға және оқуға кедергі келтіретін өзге де әрекеттерге жол берілмейді.

3.2. Сыртқы келбет

Білім алушы колледж белгілеген сыртқы келбетке қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

Киім таза, ұқыпты және белгіленген іскерлік стильге сай болуы тиіс.

Мынадай киімге жол берілмейді:

- зорлық-зомбылықты, экстремизмді, есірткі құралдарын, алкогольді немесе темекі өнімдерін насихаттайтын бейнелері немесе жазулары бар;
- жағажайға арналған;
- шамадан тыс ашық;
- іскерлік стильдің белгіленген талаптарына сай келмейтін.

Дене шынықтыру сабақтарында белгіленген қағидаларға сәйкес спорттық киім киюге жол беріледі.

Сыртқы келбетке қойылатын талаптар барлық студентке тең негізде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

3.3. Білім берудің зайырлы сипаты

Колледж білім беру қызметін білім берудің зайырлы сипаты қағидаты негізінде жүзеге асырады.

Білім алушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде ар-ождан және дүниетаным бостандығына кепілдік беріледі.

Тиісті құқықтарды іске асыру білім беру процесінің басқа қатысушыларының құқықтарын бұзбауға, оқуға кедергі келтірмеуге немесе заңнамаға, университет Жарғысына, Ішкі тәртіп ережелеріне және сыртқы келбетке қойылатын талаптарға қайшы келмеуге тиіс.

4. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

4.1. Негізгі қағидаттар

Академиялық адалдық колледждің білім беру қызметінің міндетті қағидаты болып табылады.

Білім алушы оқу, ғылыми, шығармашылық және практикалық жұмыстарды өз бетінше, адал және авторлық құқықтарды сақтай отырып орындауға міндетті.

4.2. Тыйым салынған әрекеттер

Мыналарға жол берілмейді:

- плагиатқа;
- көшіруге;
- өзгенің жұмысын өзінікі ретінде көрсетуге;
- дайын оқу жұмыстарын сатып алуға немесе тапсырыс беруге;
- оқу жұмыстарын үшінші тұлғалардың орындауына;
- білімді бақылау кезінде тыйым салынған материалдарды пайдалануға;
- оқу немесе практика нәтижелерін бұрмалауға;
- зерттеу нәтижелерін қолдан жасауға;
- қолтаңбаларды, анықтамаларды және өзге де ресми құжаттарды қолдан жасауға;
- авторлық құқықпен қорғалатын материалдарды құқыққа қайшы пайдалануға.

Барлық дәйексөздер академиялық сілтеме жасаудың белгіленген талаптарына сәйкес ресімделуге тиіс.

4.3. Жасанды интеллектіні пайдалану

Егер оқытушы немесе нақты тапсырманың талаптары тыйым салмаса, жасанды интеллект технологияларын оқу мақсатында пайдалануға болады.

ЖИ ақпарат іздеу, материалды зерделеу, идеялар әзірлеу, тілдік қолдау, талдау және сабаққа дайындалу үшін қолданылуы мүмкін.

Бұл ретте білім алушы:

- алынған ақпараттың дұрыстығын өз бетінше тексеруге;
- ЖИ жұмысының нәтижелерін сыни бағалауға;
- оқытушының талаптарын сақтауға;
- қорытынды жұмысты өз бетінше орындауға;
- академиялық адалдық қағидаларын сақтауға міндетті.

ЖИ толығымен жасаған жұмысты өзінікі ретінде көрсетуге, білімді бақылау кезінде алдау үшін немесе оқу нәтижелерін бұрмалау үшін ЖИ пайдалануға жол берілмейді.

4.4. Практикадан өту кезіндегі академиялық адалдық

Практика кезінде білім алушы өз қызметінің нәтижелерін шынайы көрсетуге міндетті.

Күнделіктерді, мінездемелерді, есептерді және өзге де құжаттарды қолдан жасауға, сондай-ақ анық емес мәліметтер ұсынуға жол берілмейді.

4.5. Бұзушылықтарды қарау

Болжамды бұзушылықты қарау кезінде бұзушылықтың сипаты мен мән-жайлары, кінә дәрежесі, салдары, қайталануы және студенттің түсініктемелері ескеріледі.

Білім алушы өзін қорғау үшін түсініктемелер мен дәлелдемелер ұсынуға құқылы.

Қарау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында және колледждің жергілікті нормативтік актілерінде көзделген шаралар қолданылуы мүмкін.

5. ӘДЕП ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ

5.1. Жалпы мінез-құлық нормалары

Білім алушы сыпайы, әдепті және ілтипатты болуға, сөйлеу әдебі нормаларын сақтауға және басқа тұлғалардың ар-намысын, қадір-қасиеті мен құқықтарын құрметтеуге міндетті.

Мыналарға жол берілмейді:

- қорлауға және қадір-қасиетті кемсітуге;
- қорқытуға;
- дөрекілікке;
- былапыт сөздерге;
- арандатушылыққа және қасақана жанжал туғызуға;
- көрінеу жалған ақпарат таратуға;
- өшпенділік тіліне және кемсітушілік сипаттағы сөздерге.

5.2. Оқытушылармен және қызметкерлермен өзара қарым-қатынас

Білім алушы оқытушыларға, әкімшілікке және колледж қызметкерлеріне құрметпен қарауға, іскерлік қарым-қатынас нормаларын сақтауға және олардың заңды талаптарын орындауға міндетті.

Дөрекілікке, қорқытуға, көпшілік алдында қорлауға және білім беру процесіне кедергі келтіретін өзге де әрекеттерге жол берілмейді.

5.3. Білім алушылар арасындағы өзара қарым-қатынас

Білім алушылар бір-бірін жынысына, жасына, ұлтына, тіліне, әлеуметтік жағдайына, денсаулық жағдайына, дүниетанымына және өзге де мән-жайларға карамастан құрметтеуге міндетті.

Буллингке, кибербуллингке, физикалық және психологиялық зорлық-зомбылыққа, қудалауға, кемсітушілікке және кемсітетін материалдар таратуға жол берілмейді.

Мұндай әрекеттердің куәгері болған білім алушы кураторға, психологке немесе әкімшілікке хабарлауға құқылы.

5.4. Болашақ педагогтің кәсіби әдебі

Білім алушы:

- педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға;
- балаларға, ата-аналарға, педагогтерге және әріптестерге құрметпен қарауға;
- егер ақпаратты жария етуге заңнамада тыйым салынса, оның құпиялылығын сақтауға;
- педагог мамандығына құрметпен қарауды қалыптастыруға;
- кәсіби мәдениет деңгейін арттыруға міндетті.

Педагогикалық және өндірістік практика кезінде студент ұйымның — практика базасының қағидаларын сақтауға міндетті.

6. «ЦИФРЛЫҚ ӘДЕП, КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ»

6.1. Жалпы талаптар

Білім алушы цифрлық технологияларды оқу, ғылыми қызмет, кәсіби даму және коммуникация үшін пайдалануға құқылы.

Цифрлық ресурстарды пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына, ақпараттық қауіпсіздік талаптарына, академиялық адалдыққа және осы Кодекске сәйкес болуға тиіс.

6.2. Мобильді құрылғылар

Оқу сабақтары кезінде мобильді телефондар мен басқа электрондық құрылғылар оқытушының рұқсатымен білім беру мақсатында пайдаланылады.

Емтихандар мен бақылаудың өзге де нысандары кезінде электрондық құрылғыларды оқытушы немесе жергілікті нормативтік актілер белгілеген жағдайларда ғана пайдалануға жол беріледі.

Құрылғыларды көшіру, жауаптарды беру және өзге де адал емес көмек үшін пайдалануға жол берілмейді.

Оқу процесін фотоға, бейнеге және аудиоға жазу оқытушының рұқсатымен немесе білім беру процесінде көзделген жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

6.3. Әлеуметтік желілер

Білім алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік желілерді еркін пайдалануға құқылы.

Материалдарды жариялау кезінде басқа тұлғалардың құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, дербес деректер туралы заңнама талаптарын сақтау және кәсіби әдеп нормаларын ескеру қажет.

Қорқыту, кемсітушілік, өшпенділік тілі, зорлық-зомбылықты, экстремизмді немесе өзге де құқыққа қайшы әрекеттерді насихаттау мазмұнындағы материалдарды орналастыруға жол берілмейді.

Осы ереже білім алушылардың өз пікірін білдіру және өз құқықтарын заңды тәсілдермен қорғау құқығын шектемейді.

6.4. Цифрлық әдеп, киберқауіпсіздік және ақпаратты қорғау

Білім алушы:

- өз құпиясөздері мен қол жеткізу деректерін құпия сақтауға;
- есептік деректерді үшінші тұлғаларға бермеуге;
- ақпараттық жүйелерге рұқсатсыз қол жеткізбеуге;
- зиянды бағдарламалық қамтамасыз етуді таратпауға;
- колледждің ақпараттық жүйелерінің жұмысына араласпауға;
- басқа тұлғалардың дербес деректерін заңды негіздерсіз таратпауға міндетті.

6.5. Ресми электрондық ресурстар

Ресми чаттарды, білім беру платформаларын, электрондық поштаны және колледждің өзге де ресурстарын пайдалану кезінде білім алушы іскерлік қарым-қатынас қағидаларын сақтауға міндетті.

Қорлауға, былапыт сөздерге, көрінеу жалған ақпаратты, спамды және тиісті ресурстың қызметіне қатысы жоқ материалдарды таратуға жол берілмейді.

7. СТУДЕНТТІК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7.1. Студенттік өзін-өзі басқару

Колледж көшбасшылық қасиеттерді, азаматтық жауапкершілікті және кәсіби құзыреттерді қалыптастыру құралы ретінде студенттік өзін-өзі басқаруды дамытуды қолдайды.

Колледжде Студенттік парламент, оқу топтарының өзін-өзі басқару органдары, волонтерлік, спорттық, шығармашылық және өзге де бірлестіктер жұмыс істей алады.

Студенттік өзін-өзі басқару органдары заңдылық, еріктілік, тең құқықтылық, ашықтық және өзара құрмет қағидаттарымен жұмыс істейді.

7.2. Өзін-өзі басқаруға қатысушылардың құқықтары

Студенттік өзін-өзі басқаруға қатысушылар:

- колледж өмірін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;
- студенттердің мүдделерін білдіруге;
- іс-шараларды ұйымдастыруға қатысуға;
- әкімшілікке бастамалармен жүгінуге;
- әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға қатысуға құқылы.

7.3. Өзін-өзі басқаруға қатысушылардың міндеттері

Студенттік өзін-өзі басқаруға қатысушылар:

- заңнаманы және жергілікті нормативтік актілерді сақтауға;
- басқа студенттердің пікірін құрметтеуге;
- объективті және жауапкершілікпен әрекет етуге;
- өз мәртебесін жеке мақсатта пайдаланбауға;
- академиялық және кәсіби әдеп нормаларын сақтауға міндетті.

7.4. Әлеуметтік және волонтерлік қызмет

Колледж білім алушылардың волонтерлік, экологиялық, қайырымдылық, мәдени, спорттық және азаматтық-патриоттық жобаларға қатысуын қолдайды.

Қоғамдық қызметке қатысу болашақ педагогтің әлеуметтік жауапкершілігін, көшбасшылық қасиеттері мен кәсіби құзыреттерін дамытуға ықпал етеді.

8. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТАЛАПТАР

Білім алушы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауға міндетті.

Мыналарға жол берілмейді:

- заңсыз артықшылықтар алу мақсатында оқытушылар мен қызметкерлерге ақша қаражатын, сыйлықтарды, қызметтерді немесе өзге де құндылықтарды беруге;
- оқудың оң нәтижелерін алу үшін делдалдарды пайдалануға;

- құқыққа сыйымсыз артықшылықтар алуға бағытталған өзге де әрекеттерге.

Білім алушы өзіне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы колледж әкімшілігіне немесе өзге де уәкілетті органдарға заңнамада белгіленген тәртіппен хабарлауға құқылы.

9. МҮЛІККЕ ҰҚЫПТЫ ҚАРАУ

Білім алушы колледж мүлкіне, жабдыққа, жиһазға, компьютерлік техникаға, кітапхана қорына және басқа материалдық құндылықтарға ұқыпты қарауға міндетті.

Жабдықты пайдалану қағидаларын, еңбекті қорғау талаптарын сақтау және колледж аумағында тәртіпті қолдау қажет.

Материалдық залал келтірілген жағдайда жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен туындайды.

10. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ КӨТЕРМЕЛЕУ

Білім алушылар:

- жоғары академиялық жетістіктері;
- олимпиадалардағы, конкурстардағы және конференциялардағы жеңістері;
- спорт пен шығармашылық қызметтегі жетістіктері;
- студенттік өзін-өзі басқаруға белсенді қатысуы;
- волонтерлік және қоғамдық қызметі;
- колледжді табысты таныстыруы;
- бастамашылдығы және маңызды жобаларды іске асыруы;
- осы Кодексті үлгілі сақтауы үшін көтермеленуі мүмкін.

Көтермелеу нысандары:

- алғыс;
- алғыс хат;
- грамота немесе диплом;
- студенттің жетістіктері туралы ақпаратты колледждің ресми ресурстарында орналастыру;
- естелік сыйлық болуы мүмкін.

11. КОДЕКСТІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Осы Кодексті бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына, университет Жарғысына, Ішкі тәртіп ережелеріне және колледждің нормативтік актілеріне сәйкес қаралады.

Бұзушылықты қарау кезінде оның сипаты, мән-жайлары, салдары, кінә дәрежесі және қайталануының болуы ескеріледі.

Білім алушыға түсініктеме беру мүмкіндігі беріледі.

Бұзушылықтың сипатына қарай заңнамада және колледждің жергілікті нормативтік актілерінде көзделген, оның ішінде мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:

- алдын ала ескерту;

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- мәселені тиісті алқалы органның отырысында қарау;
- заңнамада көзделген өзге де шаралар.

Ықпал ету шарасы бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына сәйкес болуға тиіс.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Кодекс колледждің жергілікті нормативтік актісі болып табылады және барлық білім алушы сақтауға міндетті.

Кодекс колледждің ресми ақпараттық ресурстарында орналастырылады және белгіленген тәртіппен білім алушылардың назарына жеткізіледі.

Кодекспен танысу білім алушының қол қоюымен расталады.

Кодекске өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасы және жергілікті нормативтік актілерде көзделген жағдайларда студенттік өзін-өзі басқару органдарының пікірі ескеріле отырып, белгіленген тәртіппен бекітіледі.

Осы Кодекспен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, университет Жарғысымен, Ішкі тәртіп ережелерімен және өзге де жергілікті нормативтік актілермен реттеледі.

Кодекс бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңа редакция қабылданғанға дейін қолданылады.